

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2024 жылғы 13 қыркүйек

KASE биржалық нарықтың 2024 жылғы тамыз айындағы жұмысының қорытындыларын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылғы тамыздағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы хабарлайды:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2024 жылғы тамызда 34,0 трлн теңгені құрады және шілде айымен салыстырғанда 1,3%-ға немесе 463,7 млрд теңгеге төмендеді.
- Тамыз айының қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 1,3%-ға өсіп, 5 304,09 тармақты құрады.
- Тамыз айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 0,2%-ға 33,0 трлн теңгеге дейін өсті, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 0,4%-ға 14,2 трлн теңгеге дейін ұлғайды.
- Тамыз айында екі жаңа Эмитенттің корпоративтік облигациялары листинг рәсімінен өтті.
- 2024 жылғы 01 қыркүйектегі жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімдерінде 255 эмитенттің 704 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздары болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2024 жылғы тамызда Қазақстан қор биржасы мен KASE клиринг орталығы ұйымдар арасындағы екіжақты кросс-биржалық сауда-саттықты жүзеге асыру, сауда тетіктерін оңтайландыру, стратегиялық әріптестікті нығайту, екі биржа арасындағы ынтымақтастық мүмкіндіктерін және жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында Abu Dhabi Securities Exchange (ADX) құрған Tabadul Digital Exchange Hub цифрлық биржалық хабына ресми түрде қосылды.

Бизнеске арналған іс-шарлар

"Эмитент күні" жобасы аясында KASE-де келесі іс-шаралар өтті:

- "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ эмитент күні, оның шеңберінде компания қызметінің қаржылық нәтижелері және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы мұнай өндіру және тасымалдау көлемі туралы ақпарат ұсынылды;
- "ҚазТрансОйл" АҚ эмитент күні, онда компания басшылығы 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік және қаржылық нәтижелер туралы мәлімдеді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

2024 жылдың тамыз айының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 33,0 трлн теңгені (68,5 млрд USD) құрады, бұл өткен айдағы көрсеткіштен 50,9 млрд теңгеге немесе 0,2%-ға жоғары.

Тамыз айында акциялармен сауда көлемі 9,1 млрд теңгені құрап, шілдемен салыстырғанда 83,4%-ға немесе 45,8 млрд теңгеге төмендеді. Тамыз айында акциялардың сауда-саттығы тек қайталама нарықта өтті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 433,2 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 6 596 мәмілені, бір мәміленің орташа көлемі – 65,7 мың теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары арасында акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінен жеке тұлғалардың үлесіне 68,3%, банктердің үлесіне – 0,1%-дан төмен, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 14,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 3,7 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне –13,8% тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 5,3% құрады.

KASE ИНДЕКСІ

Тамыз айында KASE Индексінің мәні 1,3%-ға өсіп, айдың соңына қарай 5 304,09 тармақты құрады.

Тамыз айында индекстік акциялармен мәмілелер көлемі 7,8 млрд теңгені құрады, бұл шілде айындағы көрсеткіштен 4,3 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "Қазақстан Халық банкі" АҚ-тың жай акцияларына – 1,5 млрд теңгеге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 19,0%) тиесілі болды.

KASE Индексінің өкілдік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	1 акцияның бағасы, теңге			Сауда-саттық көлемі, млн теңге		
		01.09.24	01.08.24	Δ, %	тамыз	шілде	Δ
"Kcell" АҚ	KCEL	3 232,00	2 964,99	+9,0	566,6	2063,3	-1 496,7
"ҚазМұнайГаз" ҰҚА	KMGZ	14 138,00	13 434,99	+5,2	907,9	2 151,1	-1 243,2
"Қазақстан Халық банкі" АҚ	HSBK	210,98	205,87	+2,5	1 482,3	1 462,4	+20,0
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	827,00	814	+1,6	873,5	703,7	+169,8
"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	18 394,00	18 301,01	+0,5	982,1	1003,7	-21,7
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	38 960,00	38 874,00	+0,2	357,9	997,8	-639,8
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 480,00	1 480,00	0	332,4	643,9	-311,5
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	1 994,96	1 995,00	-0,002	479,7	847,8	-368,1
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	822,00	853,02	-3,6	1 000,2	1 313,5	-313,2
Kaspi.kz АҚ	KSPI	63 100,00	65 550,00	-3,7	803,1	924,6	-121,5

Тамыз айының қорытындысы бойынша 9,0%-ға өскен **"Kcell" АҚ**-тың жай акциялары ең үздік динамиканы көрсетті. Компанияның 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы шоғырландырылған есептілігіне сәйкес, кірістер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,7%-ға 119,8 млрд теңгеге дейін өсті. EBITDA 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 41 млрд теңгені, ал таза пайда 5,5 млрд теңгені құрады.

Өсу қарқыны бойынша екінші орынға **"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ**-тың жай акциялары орналасты, олар бағаға 5,2% қосты. Компанияның 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне сәйкес, кіріс 7,5%-ға 4,2 трлн теңгеге дейін, ал таза пайда бірлескен бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардағы пайданың үлесін ескере отырып 12,7%-ға, яғни 550 млрд теңгеге дейін өсті.

Өсу қарқыны бойынша үшінші орында 2,5% өсіммен **"Қазақстан Халық банкі" АҚ** жай акциялары тұр. Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында таза пайда 2,2%-ға 379 млрд теңгеге дейін ұлғайды, таза пайыздық кіріс 32,1%-ға 511 млрд теңгеге дейін өсті, ал таза пайыздық маржа 6%-дан 7%-ға дейін ұлғайды.

"ҚазТрансОйл" АҚ акциялары 1,6%-ға қымбаттады. Компанияның 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес, кіріс 151 млрд 9,2 млн теңгені құрады, бұл 2023 жылдың бірінші жартыжылдығындағы ұқсас көрсеткіштен 10,3 %-ға жоғары, ал 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша шоғырландырылған

таза пайда 19 млрд 522,9 млн теңгені құрады, бұл 2023 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижесінен 3,9 %-ға төмен.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

Тамыз айының соңында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 46 атаудағы акциялары мен 12 ETF болды.

"KASE Global" секторындағы сауда-саттық көлемі тамыз айында 2,9 млрд теңгені құрап, шілдеге қатысты 64,6% - ға немесе 5,2 млрд теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 136,4 млн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 630 теңгені, бір мәміленің орташа көлемі – 216,5 мың теңгені құрады.

"KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны 2024 жылғы тамызда төмендегі акциялармен жасалды:

- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 256,8 млн теңгеге 2 293 мәміле;
- NVIDIA Corp. (NVDA_KZ) – жалпы сомасы 461,2 млн теңгеге 1 956 мәміле;
- Ford Motor Company (F_KZ) – жалпы сомасы 136,3 млн теңгеге 1 565 мәміле;
- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO_KZ) – жалпы сомасы 173,3 млн теңгеге 1 384 мәміле;
- American Airlines (AAL_KZ) – жалпы сомасы 21,8 млн теңгеге 1 234 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 54,7% жеке тұлғаларға, 32,2 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 13,1 % – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан төмен болды.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛА

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі тамыз айында 0,4%-ға немесе 60,8 млрд теңгеге 14,2 трлн теңгеге (29,5 млрд USD) дейін ұлғайды.

2024 жылдың тамыз айының соңында KASE ресми тізімінде 119 Эмитенттің 451 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Тамыз айында KASE ресми тізіміне 10 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 11 шығарылымы (екі жаңа) енгізілді: "Bereke Bank" АҚ шығарылымы және "Банк ЦентрКредит" АҚ, "BASS Gold" ЖШС, "Интергаз Орталық Азия" АҚ, "Отбасы банкі" Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ, "аФинанс микроқаржы ұйымы" ЖШС, "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ, "Сейф-Ломбард" ЖШС, **"АИФН "SNS INVESTMENTS (СНС ИНВЕСТМЕНТС)" АҚ және "Терра" ЖШС** бір шығарылымнан.

KASE_BMY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні тамыз айында 15 б. п. төмендеді және айдың соңында жылдық 13,75% құрады.

KASE корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі тамыз айында шілдемен салыстырғанда 38,8%-ға немесе 315,3 млрд теңгеге 496,9 млрд теңгеге дейін төмендеді. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 23,7 млрд теңгені (қайталама нарықта – 12,3 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 392 мәмілені (қайталама нарықта – 390 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі – 60,3 млн теңгені (қайталама нарықта – 31,5 млн теңге) құрады.

Тамыз айында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 238,7 млрд теңгені құрады және шілдемен салыстырғанда 68,7%-ға немесе 523,1 млрд теңгеге төмендеді:

- "Bereke Bank" АҚ өтеуге кірістілігі тиісінше 13,90% және 13,95% болатын екіжылдық және үшжылдық облигацияларды орналастыра отырып, 200,0 млрд теңге тартты;
- "Банк ЦентрКредит" АҚ жылдық 4,50% өтеуге кірістілігі бар жартыжылдық облигацияларды орналастыра отырып, 3,9 млн АҚШ долларын (1,9 млрд теңгенің баламасы) тартты;
- "Банк "Bank RBK" АҚ тоғызжылдық облигацияларды жылдық 4,00%-бен орналастыра отырып, 16,7 млрд теңге тартты;
- "Қазақстанның орнықтылық тұрақтылық қоры" АҚ жылдық 13,51-13,57% өтеуге орташа алынған кірістілігі бар және бір жылдан кем өтеуге дейінгі мерзімі бар облигацияларды орналастыра отырып, 14,9 млрд теңге тартты;
- "Терра" ЖШС жылдық 19,75%-бен бес жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 445,0 млн теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі 5,2%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 0,1% төмен, басқа институционалдық инвесторлардың – 0,8%, өзге заңды тұлғалардың – 91,8%, жеке тұлғалардың – 2,2% құрады. Облигациялардың бастапқы нарығындағы сауда-саттыққа бейрезиденттер қатысқан жоқ.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі тамыз айында шілдемен салыстырғанда 5,1 есеге немесе 207,8 млрд теңгеге 258,2 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 44,3%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 0,2%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 0,5%, өзге заңды тұлғалардың – 52,5%, жеке тұлғалардың үлесі – 2,5% құрады. Бейрезиденттердің үлесі 1,2% құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы тамыз айында 1,2%-ға немесе 322,2 млрд теңгеге ұлғайып, 27,1 трлн теңгені (56,2 млрд USD) құрады.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 517,2 млрд теңгені құрады және шілдемен салыстырғанда 53,2%-ға немесе 588,2 млрд теңгеге төмендеді. 2024 жылдың тамыз айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 24,6 млрд теңгені (қайталама нарықта – 6,3 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 24 (қайталама нарықта – 17), бір мәміленің орташа көлемі – 1,0 млрд теңгені (қайталама нарықта – 383,1 млн теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 60,7%-ға немесе 594,3 млрд теңгеге 384,3 млрд теңгеге дейін төмендеді. Оның 101,9 млрд теңгесін 13 облыстың, Алматы қаласының, Астана қаласының және Шымкент қаласының әкімдіктері (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде көзделген іс-шараларды қаржыландыру мақсатында) тартты. Қаржы министрлігі жылдық орташа табыстылығы 13,16-13,41% және өтелгенге дейінгі мерзімі 0,8-ден 14,9 жылға дейінгі облигацияларды орналастыра отырып, 282,4 млрд теңге тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 45,9 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың – 1,4 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 15,7 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 37,0% тиесілі болды. МБҚ бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,5% құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 4,8%-ға немесе 6,0 млрд теңгеге өсіп, 132,9 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 42,5% немесе 56,4 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 54,9% немесе 72,9 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,1%-дан төмен немесе 46,4 млн теңгені құрады. 2,7% немесе 3,5 млрд теңгені құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ Қаржы министрлігінің, Оман Сұлтандығының және Австрия Республикасының облигациялары) жасалған мәмілелерге тиесілі болды.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде банктердің үлесіне 33,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың – 14,7 %, басқа заңды тұлғалардың – 46,9 %, жеке тұлғалардың – 4,7% тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 4,8%-ға бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Тамыз айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 66 шығарылымының: Еуразиялық даму банкінің 26 шығарылымының, Еуропалық Қайта Құру және даму банкінің 18 шығарылымының, Азия даму банкінің 12 шығарылымының, халықаралық қаржы корпорациясының бес шығарылымының, Халықаралық қайта құру және даму банкінің үш шығарылымының және Еуропалық инвестициялық банктің және Жеке секторды дамыту бойынша Ислам корпорациясының бір шығарылымының облигациялары болды.

2024 жылғы тамызда ресми тізімге Еуразиялық даму банкі облигацияларының бір шығарылымы енгізілді, ресми тізімнен Еуразиялық даму банкінің екі шығарылымы және айналым мерзімінің аяқталуына байланысты Халықаралық қайта құру және даму банкінің бір шығарылымы алынып тасталды.

Есептік айда сауда-саттықтың барлық көлемі қайталама нарыққа келіп, 479,8 млн теңгені құрады, бұл 2024 жылғы шілдедегі нәтижеден 10,2 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 22,8 млн теңгені, бір мәміленің орташа көлемі 53,3 млн теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде қайталама нарықта есептік кезеңде брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 0,1%, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 99,6%, жеке тұлғалардың үлесі – 0,3% құрады. Халықаралық қаржы ұйымдарының қайталама нарығындағы сауда-саттықта бейрезиденттер қатысқан жоқ.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2024 жылғы 01 қыркүйектегі жағдай бойынша "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаратын 17 пай қорларының құралдары және алты ETF болды.

Есептік айда сауда-саттық көлемі 498,3 млн теңгені құрады және 2024 жылғы шілдемен салыстырғанда 64,7%-ға немесе 915,2 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 50,2% жеке тұлғалардың шоттарына, 45,1% – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 4,7% – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 25,7% құрады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2024 жылғы 01 қыркүйектегі жағдай бойынша KASE ресми тізімінде жаһандық депозитарлық қолхаттардың (ФДҚ) алты шығарылымы болды, олардың базалық активтері 2024 жылдың тамызынан бастап енгізілген "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, "ForteBank" АҚ және "Эйр Астана" АҚ жай акциялары болып табылады.

2024 жылғы тамыздағы сауда-саттық көлемі 164,1 млн теңгені құрады және 2024 жылғы шілдемен салыстырғанда 36,6%-ға немесе 94,7 млн теңгеге төмендеді. Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 59,5% жеке тұлғалардың шоттарына, 33,9% – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 2,9% – басқа институционалдық инвесторларға және 3,7% – басқа заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 2,1 % құрады.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың тамыз айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа 36 KASE мүшесі қатысты.

Тамыз айында шетел валюталары нарығында сауда-саттық көлемі шілдемен салыстырғанда 25,6%-ға немесе 711,3 млрд теңгеге 3,5 трлн теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 166,3 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 930, бір мәміленің орташа көлемі – 178,8 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде KASE-де сатылатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада алдыңғы айға көрсеткіштің өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа өлшенген биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілеле р саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағамы (өзг. %)
USD/KZT	4 727,7 (+21,7 %)	64,8 % (-1,5 %)	13 465 (+677)	473,30-484,90	481,61 (+1,6 %)
RUB/KZT	124 208,6 (+86,7 %)	19,0 % (+6,0 %)	4 486 (+1 197)	5,1401-5,6500	5,2398 (-4,6 %)

Жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілеле р саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін баға белгіленетін валюта саны	Айдың соңындағы бағамы (өзг. %)
CNY/KZT	1 146,2 (+20,9 %)	2,2 % (-0,02 %)	664 (+92)	65,5600-67,9200	67,6694 (+3,5 %)
EUR/KZT	105,9 (+91,9 %)	1,6 % (+0,6 %)	563 (+229)	511,41-541,35	535,12 (+4,2 %)
EUR/USD	313,9 (+25,1 %)	4,7 % (+0,1 %)	194 (-71)	1,0792-1,1181	1,1098 (+2,5 %)
USD/CNY	558,5 (-24,8 %)	7,6 % (-5,1 %)	167 (-24)	7,0863-7,2537	7,1098 (-1,6 %)
EUR/CNY	- (-)	- (-)	- (-)		(-)

АҚША НАРЫҒЫ

Тамыз айында ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 29,4 трлн теңгені құрады, ол шілде айындағы көрсеткішпен салыстырғанда 0,7%-ға немесе 209,2 млрд теңгеге төмендеді.

29 тамызда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,0 п. п. пайыздық дәлізімен жылдық 14,25% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

Мәмілелер көлемі арқылы өлшенген USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа мәні болып табылатын MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы бір айда 54 б.п.-ға жылдық 12,98%-дан 12,44%-ға дейін төмендеді.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі тамыз айында 22,7 трлн теңгені құрады, бұл шілде айындағы көлемнен 1,4 трлн теңгеге немесе 6,0%-ға төмен. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 1,1 трлн теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 763, бір мәміленің орташа көлемі – 1,4 млрд теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 17,7 трлн теңгені немесе репо, авторепо операцияларының жалпы көлемінің 78,1%, МЕБҚ-мен авторепо 5,0 трлн теңгені немесе 21,8%, МЕБҚ-мен тікелей репо 21,7 млрд теңгені немесе 0,1% құрады. ҚКС-пен авторепо мәмілелері 1,4 млрд теңгеге жасалды.

Тамыз айының соңына қарай TONIA индикаторы (МБҚ Қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) жылдық 13,75%-дан 13,29% - ға дейін 46 б.п. төмендеді.

TRION индикаторы (Биржа Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып, клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен Биржада бір жұмыс күні ішінде жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) 49 б.п. - ға жылдық 13,77%-дан 13,28%-ға дейін төмендеді.

TWINA индикаторы (Биржа Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен Биржада жасалған жеті жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа өлшенген пайыздық мөлшерлеме) 38 б.п.-ға жылдық 13,75%-дан 13,37%-ға дейін төмендеді.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Тамыз айында валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 6,7 трлн теңгені құрады, бұл шілде айындағы көлемнен 1,2 трлн теңгеге немесе 22,4%-ға жоғары. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 320 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 69, бір мәміленің орташа көлемі – 4,6 млрд теңгені құрады.

Валюталық своп құрылымында валюталық своптармен операциялар көлемінің 99,4% USDKZT своптарына; 38,6 млрд теңге немесе 0,6% – RUBKZT; 0,9 млрд теңге немесе 0,1%-дан төмен EURKZT своптарына тиесілі болды.

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	2 820,7	5 901,1	41,9%
	USDKZT_0_002	3 836,7	8 019,2	57,0%
	USDKZT_0_01W	24,9	52,0	0,4%
	USDKZT_1_01M	0,1	0,3	<0,1%
	USDKZT_1_001	6,7	14,0	0,1%
EUR/KZT	EURKZT_1_001	0,9	1,6	<0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	11,3	2 070,9	0,2%
	RUBKZT_1_001	27,3	5 095,6	0,4%
CNY/KZT	CNYKZT_0_001	0,3	4,0	<0,1%

Тамыздың аяғында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі жылдық 5,55% құрады, бір айда 131 б. п. төмендеді. SWAP-2D (USD) екі күндік валюталық своптың кірістілігі тамызда 118 б. п. - ға жылдық 5,81%-ға дейін төмендеді.

ДЕРВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына және KASE индексіне жеткізілімсіз фьючерстер саудаға қолжетімді.

2024 жылдың тамызында туынды құралдар нарығында мәмілелер жасалған жоқ. 01 қыркүйекте туынды құралдар нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары болған жоқ.

12 тамыздан бастап "SQIF Capital" АҚ туынды қаржы құралдары – АҚШ долларының теңгеге және рубльдің теңгеге бағамына фьючерстер бойынша маркет-мейкер мәртебесін берді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орында.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ деривативтер үшін әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының Халықаралық қауымдастығының (ТМД ХБҚ), The Global Association of Central Counterparties (CCP Global) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.